

الدراسات العليا كلية أصول الدين و الدعوة جامعة الأزهر الشريف

Al-Azhar Al-Shareef University



REVIEW

on the dissertation “Linguistic paradigm in the discursive investigation of religion” submitted by Abubakirova Arailym Yessimkhakyzzy for gaining a PhD degree in D02202-Religious Studies, Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture

The relationship between language and religion is based on not external but important internal structures that affect the unconsciousness, for this reason it has the power to influence the influential mechanisms of human psychology and culture. The relevance of the study of the relationship between religion and language is due to the important and fundamental role of these two phenomena in human nature. While language is a prerequisite, a universal form, the outer layer of all other forms of social consciousness, religion is a universal basis, a historical first source, a source on which all subsequent content of social consciousness is based. Language is a universal tool, a technique of communication, and religion is a universal meaning conveyed in the process of communication, the most important set of meanings for man and society. The connection between religion and language is deeply rooted in the human mind. Religious and confessional factors always play a very important role in the fate of language. The changes that take place in the language due to religion, through the adoption of a new religion are clearly reflected in the pages of history. However, the opposite connection according to the subject under consideration, that is, the influence of language on religion or the description of religion as a phenomenon related to language is not a clear, obvious issue. Although in the history of religions language issues have sometimes been of great importance. In many cases, the translation of the Scriptures was not the basis for the spread of religious doctrine, but for its transformation. While religion in its external manifestation is a set of physical and linguistic actions, in its internal nature, religion is a manifestation of a complex and close relationship between experience, mental operations, and emotions in the mind and brain. The use of language is seen as a key component of these practices and religious rites. The study of interdisciplinary, interreligious, intercultural

relations in the context of changes and influences through the interaction of religion, language, human consciousness can be said to be of great importance, given the rapid processes of integration and assimilation in the era of globalization. The relevance of the work is based on the discovery of new horizons of Religious studies in the field of investigation of religion related to cognitive, social sciences, especially linguistics, and the fact that the applied significance of the research is clearly reflected in various spheres of society.


I believe that the theoretical conclusions, the main ideas of the researcher, obtained as a result of research, can serve as a basis for improving scientific research on issues of religion and language. In the course of the research, the researcher was able to review and systematize a large fund of modern research and works of domestic and foreign scholars on philosophical, religious, political and historical, discursive research, and to use the relevant aspects of their research. Therefore, the application of theoretical, methodological conclusions and research results developed in this work in the analysis of the relationship between religion and language is of great practical importance.

The researcher was able to master the basic methods and methodology of the study of religion in a discursive way, to integrate the linguistic paradigm into the process of studying religion. She could effectively use a very large fund of data and information, describe the relationship between religion and language in the modern space, and show their regularities.

The PhD student was able to show the way of modern research, choosing the direction of discursive research, which is relevant, important and popular nowadays. It is clear that there are difficulties in starting each new path, so I believe that this study, which was carried out to the end, is the result of big, hard and thorough, elaborate work.

Thus, I can say that the dissertation on "Linguistic paradigm in the discursive investigation of religion" can be submitted for public defense, as it is a complete, useful to the public work with scientific novelty.

Professor, Doctor
Uazhih Muhammad
Zakariya Muhammad Imran
Al-Azhar University, Egypt



**Әбубәкірова Арайлым Есімхақызының Нұр-Мұбарак Египет
ислам мәдениеті университеті 8D02202-Дінтану мамандығы бойынша
PhD дәрежесін алу үшін ұсынған «Дінді дискурсивті зерттеудегі
лингвистикалық парадигма» атты диссертациясына**

ПІКІР

Тіл мен діннің байланысы сыртқы емес, бейсанаға әсер ететін, маңызды ішкі құрылымдарға негізделгендіктен, адам психологиясы мен мәдениетінің ықпалды тетіктеріне әсер ету күшіне ие. Дін мен тіл байланысын зерттеудің өзектілігі осы екі құбылыстың адам болмысында ие болған маңызды әрі фундаменталды рөлімен байланысты. Тіл алғышарт, әмбебап кейіп, қоғамдық сананың өзге барлық кейіптерінің сыртқы қабаты ретінде көрініс берсе, дін әмбебап негіз, тарихи алғашқы бастау, қоғамдық сананың кейінгі барлық мазмұны негіз алған қайнар болып табылады. Тіл – әмбебап құрал, қарым-қатынас техникасы, ал дін – қарым-қатынас барысында жеткізілетін әмбебап мән, адам мен қоғам үшін ең маңызды мағыналар жиынтығы. Дін мен тіл арасындағы байланыс адам санасында терең деңгейде орнаған. Діни-конфессионалды факторлар тіл тағдырында әрдайым өте маңызды рөл ойнайды. Дінге байланысты, жаңа дінді қабылдау арқылы тілде орын алатын өзгерістер тарих беттерінде анық көрініс тауып жүр. Бірақ қарастырылып жатқан тақырыпқа қатысты керісінше байланысты, яғни тілдің дінге әсер етуін немесе дінді тілге қатысты құбылыс ретінде сипаттау анық көрінетін, айқын мәселе емес. Десек те, діндер тарихында тіл мәселелері кейде өте үлкен маңыздылыққа ие болып отырған. Қасиетті жазбалардың аудармасы көп жағдайда діни ілімнің таралуына емес, оның өзгерістерге ұшырауына негіз болып отырған. Дін сыртқы кейпінде тәндік және тілдік іс-әрекеттер жиынтығының көрінісі болса, ішкі болмысында дін сана мен мидағы тәжірибе, менталды операциялар, эмоциялар арасындағы күрделі және тығыз қарым-қатынас көрінісі болып табылады. Тілдің қолданылуы осы тәжірибелер мен діни жоралғылардың негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Пәнаралық, дінаралық, мәдениетаралық байланысты зерттеуді діннің, тілдің, адам санасының өзара әрекеттесуі арқылы бір-біріне келтірер өзгерістері мен ықпалы аясында жүргізу жаһандану дәуірінде қарқынды жүріп жатқан интеграция мен ассимиляция үдерістерін назарға ала отырып, үлкен маңыздылыққа ие деп тұжырымдауға болады. Жұмыстың өзектілігі Дінтану ғылым саласында дінді зерттеудің когнитивті, әлеуметтік ғылымдармен, әсіресе лингвистикамен байланысты жаңа көкжиегін ашумен және жүргізілген зерттеулердің қолданбалық маңыздылығының қоғам өмірінің түрлі салаларында айқын көрініс табуымен негізделеді.

Ізденуші зерттеу жұмысын жүргізу нәтижесінде жасаған теориялық қорытындылар, негізгі ой-тұжырымдары дін мен тіл байланысы мәселелеріне қатысты ғылыми ізденістерді жетілдіруге негіз бола алады деп білемін.

Зерттеу жұмысы барысында зерттеуші отандық және шетелдік ғалымдардың философиялық, діни, саяси және тарихи, дискурсивті зерттеуге қатысты заманауи зерттеулері мен еңбектерінің мол қорын қарастырып, жүйелей алғандығы, өз зерттеуіне қатысты тұстарын орынды пайдалана алғаны көрінеді. Сол себепті жұмыста қарастырылған теориялық тұжырымдар, әдістемелік қорытындылар мен зерттеу нәтижелерін дін мен тіл қарым-қатынасын талдау үдерісінде қолданудың тәжірибелік маңызы зор.

Ізденуші дінді дискурсивті тұрғыда зерттеудің негізгі әдістерін, әдіснамасын шебер айқындап, лингвистикалық парадигманы дінді зерттеу үдерісіне кіріктіре алған. Мәліметтер мен ақпараттардың өте үлкен қорын тиімді пайдаланып, заманауи кеңістіктегі дін мен тіл байланысын, қарым-қатынасын сипаттап, заңдылықтарын көрсете алған.


Диссертант қазіргі кезеңдегі өзекті, маңызды, танымал болып тұрған дискурсивті зерттеу жүргізу бағытын таңдап, заманауи үлгіде зерттеу жүргізудің жолын көрсете алған. Әрбір жаңа жолды бастауда қиындықтар болатыны анық, сол себепті бұл зерттеу соңына дейін жүргізіліп, нәтижеге жеткендігі – өте үлкен, тынымсыз, тиянақты еңбектің нәтижесі деп білемін.

Осылайша «Дінді дискурсивті зерттеудегі лингвистикалық парадигма» тақырыбында жазылған диссертацияны толық, аяқталған, қоғамға берері бар, ғылыми жаңалығы бар жұмыс болғандықтан, қоғамдық қорғауға ұсынуға болады деп айта аламын.

**Профессор, доктор
Уажих Мұхаммед
Зәкәрия Мұхаммед Имран
Әл-Азхар университеті, Египет**

Осы аударма ағылшын тілінен қазақ тіліне «Дарын» аударма орталығының аудармашысы (тел: +77273298585) Ибрашова Айгерим Берикбаевнамен (ЖСН:850822403402) орындалды.

Подпись:




Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы. Бірінші қараша, екі мың жиырма бесінші жыл. Мен, Алпысбаева Гузель Маликовна, Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігімен 01.04.2003 жылы берілген №0001359 мемлекеттік лицензия негізінде әрекет етуші Алматы қаласының нотариусы, маған белгілі «Дарын» аударма орталығының аудармашысы - Ибрашова Айгерим Берикбаевна менің көзімше қойылған қолын растаймын. Оның жеке басы анықталды, қабілеттілігі және уәкілеттілігі тексерілді.

Тізімде тіркелді № 1719

Төленді: 2084 теңге

Нотариус:







ST5501844251101155646M757823

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Пронумеровано и прошнуровано
на лестнич
_____ страниц
Нотариус _____

[Handwritten signature]

